

19.02.15

Сабақтың тақырыбы:

**Ондық бөлшектерді
салыстыруға есептер
шығару.**

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Ондық бөлшектерді салыстыруға байланысты есептер шығару дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық: Логикалық ойлау қабілетін, өз бетімен жұмыстана білу дағдысын, шығармашылық қабілетін, тез, дәл есептеу дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Шапшандыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысы.



Бағалау критеріі

18-20 – «5»

15-17 – «4»

12-14 – «3»

10-12 – «2»

1. Даярлық кезеңі

Үй тапсырмасын тексеру.

(3 ұпай)

№930 есеп.

Ондық бөлшектерді разрядтары бойынша салыстырыңдар.

1) $8,7 > 3,9$

4) $6,3 < 7,1$

2) $4,15 < 4,23$

5) $15,39 < 15,4$

3) $5,23 < 5,24$


6) $28,965 > 28$

6 - “5”, 5 - “4”, 4 - “3”.

Сұрақ-жауап

(1 ұпай)

- 1. Ондық бөлшек дегеніміз не?**




**2. Ондық бөлшекті
салыстырудың
неше тәсілі бар?**



**3. Ондық бөлшектерді
координаталық сәуледе
қалай салыстырылады?**



**4. Ондық бөлшектерді
разрядтары бойынша
қалай салыстырылады?**




**5. Ондық бөлшектің
соңына нөлдерді тіркеп
жазғаннан немесе алып
тастағаннан ондық
бөлшек өзгере ме?**

2. Игеру кезеңі

(оқулықпен жұмыс)

(1 ұпай)



№931 есеп.

Ондық бөлшектерді натурал сандарға түрлендіріп, салыстырыңдар.

1) $45,63 * 43,8$

2) $67,837 * 67,25$

3) $89,222 * 89,223$

4) $61,29 * 61,29$

5) $83,05 * 84,1$

6) $46,997 * 46,897$


$$2) 67,837 * 67,25$$

$$5) 83,05 * 84,1$$

Топ басшыларына тапсырмалар: (1 ұпай)

№1

**Жай бөлшектерді ондық бөлшекке
айналдырып, салыстыр:**

1) 0,75 пен $\frac{3}{4}$ 2) пен $\frac{4}{5}$ 0,9

№2

Іле Алатауының Кіші Алматы сілемінде үш найзатастан тұратын, қызыл граниттен түзілген Абай шыңының биіктігі 4,01 км, ал Жамбыл сілемінің оңтүстігіндегі Жамбыл шыңының биіктігі 4,36 км. Шыңдардың биіктіктерін салыстырындар.

№3

Шамалар мәндерін ондық бөлшекпен жазып, салыстырындар:

1) 5кг 317г мен 5кг 90г

2) 6м 86 см мен 8м 66см

3. Іске асыру кезеңі

Деңгейлік тапсырмалар.

«А»-деңгейі (3 ұпай)

«В»-деңгейі (5 ұпай)

«С»-деңгейі (7 ұпай)

«А»-деңгейі

Жұлдызшаларды теңсіздіктер тура болатындай етіп, цифрлармен ауыстырындар:


1) $4.0^* > 4.08$;

2) $6.7^* < 6.71$;

3) $9.2^*9 > 9.289$;

«В»-деңгейі

Координаталық сәуледе А, В, С және D нүктелерімен кескінделетін ондық бөлшектерді өзара салыстырып, 6 теңсіздік құрындар.



«С»-денгейі


Жай бөлшектерді ондық бөлшек түрінде:

1) өсу ретімен жазыңдар:

1,4; $\frac{4}{5}$; 0,3; $\frac{1}{10}$; 0,5; $2\frac{3}{5}$; 0,2;

2) кему ретінде жазыңдар:

0,7; $1\frac{1}{2}$; 0,4; 1,9; $1\frac{1}{5}$; $1\frac{3}{10}$



4. Бекіту кезеңі
(постермен жұмыс).
(5 ұпай)



6. Жинақ қорлары.
(үйге тапсырма, бағалау).

Үйге тапсырма

№ 940 есеп. Жай бөлшектерді ондық бөлшекке айналдырып, салыстырып, үлкен немесе кіші белгісімен жазыңдар.

1) 0,3 пен $\frac{2}{5}$;

2) $\frac{1}{10}$ мен 0,2;

3) 1,2 мен $\frac{9}{10}$;

4) 0,75 пен $\frac{4}{5}$;

5) 0,5 пен $\frac{3}{5}$;

6) $\frac{3}{20}$ мен 0,09.

Рефлекси я

